

Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 2024-2025 оқу жылындағы Құқық кеңесінің отырысының

**ХАТТАМА №2**

**25.09.2024**

Қатысқандар: кеңес мүшелері

**Күн тәртібінде :**

- 1.Тәуекел тобына жататын оқушылар мен олардың отбасы туралы мәлімет және оларды есепке алу
- 2.Аудандық кәмелеттік жасқа толмаған істер жөніндегі бөліммен бірлескене жұмыстың жоспарын талқылау
3. Мектепішілік қиын бала есебінде тұрған оқушылармен жұмыс

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директоры Назарбекова С.А мектепте құқық кеңесін құрып, оның жұмыстарын ұйымдастыру, мектеп және жасөспірімдер бөлімшесімен бірге келісілген іс-шара жоспарымен таныстырды. Оны іс-жүзінде асыру жолдарына тоқталды. Жоспар бойынша құқық тәрбиесі, маскүнемдік және алкогольизмге қарсы күрес жөніндегі тақырыптарға байланысты ашық сағаттары, дебат, сайыс, конференция, кештер әр – түрлі ойындар өткізу керектігін айтты. Кәмелетке толмаған балалар бөлімінде тізімде тұрған бала жоқ.Егер тәртібі нашар балалар болса мұндай жағдайда бұл мәселе педагогикалық кеңесте қаралатынын айтты. «Алкоголизмге, таксикоманияға, есірткеге қарсы алдын ала шараларын ұйымдастыру» жұмыстарын жүргізу бұйрығымен , іс-шара жоспарымен таныстырды,жауапты адамдарды бекітті. терроризм, діни экстремизм құбылыстарына қарсы шаралар қолдану іс-шара жоспарымен таныстырды.

Мектепте қиын, тәртібі нашар оқушыларды ерекше тізімге алу, тәлімгерлер белгілеп оларды сабақтан тыс мектепішілік үйірме жұмыстарына қатыстырып, бақылауға алуды сынып жетекшілеріне тапсырды. Бірақ осы уақытқа дейін мұндай категорияда оқушылар болмағанын айтты.

Олжабай батыр ауылындағы дүкенді және ауылдағы жастар жиналатын орындарды бақылауға алу, жолдары қарастырылды.



«Жастар және заң» дөңгелек үстел ақпан айында өткізу, «Дарынды» оқушылардың тарих, құқық және басқа пәндер бойынша баяндамалар және суреттер көрмесі бәйгесін өткізу жоспарланды.

2-мәселе бойынша бойынша Сынып жетекшісі мәлімдемелері бойынша, қиын жағдай туғызатын балалар жоқ,кезекші мұғалімдер мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тарапынан ескерту түскен жоқ. Мектепішілік тіркеуде оқушы тұрған жоқ Оқушылар сабақты себепсіз жібермейді, кешікпейді.

**Шешім:**

1. «Тәуекел»тобына жататын оқушылар болған жағдайда олардың отбасы туралы мәлімет алынып, балаларын мектеп ішілік есепке алынсын.

2. Оқушылардың сабаққа қатысуы, тәртібі үнемі қадағалансын.

Мектеп директоры:  Назарбекова С.А  
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Сергазы Ж